

VI SHO‘BA. KOMPYUTER LINGVODIDAKTIKASI

ҚАЖЫҒАЛИ МҲАНБЕТҚАЛИҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Миров М.О.,

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

mirov-agu@bk.ru

Жұмамұратова А.С.,

Магистрант

aminazumamuratova@gmail.com

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан, Ақтөбе

Аннотация. Бұл мақалада қазақ прозасының көрнекті өкілі Қажығали Мұханбетқалиұлының шығармашылық ерекшеліктері мен көркемдік шеберлігі талданады. Жазушының «Өмір» және «Қысқы түн» әңгімелері негізінде адам жанының терең иірімдері, рухани ізденіс, ұлттық болмыс және қоғам мен тұлға арасындағы байланыс көркемдік құралдар арқылы сараланып көрсетілген. Автордың стильдік тәсілдерге (метафора, эпитет, монолог, символика) ерекше мән беруі оның прозасын терең мазмұнмен, философиялық оймен байытады.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности творчества и художественного мастерства известного казахского прозаика Кажығали Муханбетқалиұлы. На основе рассказов «Өмір» и «Қысқы түн» анализируются внутренние переживания героев, духовные поиски, национальный менталитет и отношения между личностью и обществом. Особое внимание уделяется стилистическим приёмам (метафора, эпитет, монолог, символика), которые придают произведениям глубину и философскую насыщенность.

Abstract: This article analyzes the literary style and artistic mastery of prominent Kazakh prose writer Qazhygali Mukhanbetkaliuly. Based on his short stories "Ömir" and "Qysqy tün", the article explores the psychological depth of characters, spiritual quest, national identity, and the relationship between individual and society. The writer's use of stylistic devices such as metaphors, epithets, monologues, and symbolism enriches the narratives with philosophical insight and emotional depth.

Кілт сөздер: қазақ прозасы, көркемдік тәсіл, метафора, эпитет, монолог, символика, рухани ізденіс, адамгершілік, ұлттық болмыс.

Қазақ әдебиетінде шынайы болмысты терең психологиялық тұрғыда бейнелеп, ұлттық мінез бен адамгершілік мәселелерін көркем тілмен жеткізген

каламгерлердің бірі – Қажығали Мұханбетқалиұлы. Ол шығармаларында қарапайым адамдардың ішкі жан әлемін, өмірлік күресін, рухани ізденісін шынайы әрі әсерлі суреттейді. Жазушының прозалық туындылары терең мазмұнымен, идеялық тұтастығымен және көркемдік шеберлігімен ерекшеленеді.

Қажығали Мұханбетқалиұлының көркем әлемінде адам тағдыры, ар мен ұждан, қоғам мен тұлға арақатынасы басты тақырыптар ретінде алдыңғы қатарға шығады. Ол кейіпкерлердің ішкі күйзелісін, сана иірімдерін терең ашып, оқырманды өмір туралы ойлануға жетелейді. Шығармаларында шынайы өмір көріністері мен ұлттық болмыстың сыр-сипаты табиғи түрде тоғысып жатады.

Жазушының шығармашылық ерекшелігіне орай Шархан Қазығұл былай деп баға береді:

«Қажығали ағаның бойында өмір бойы қалтқысыз қалыптасқан таза сана мен ақыл-парасаттың апогейі осы шығармасының 62 тамырын бүлкілдетіп тұр. Қажығали Мұханбетқалиұлы өзінің интеллектік, эмоционалдық, рухани, керек десеңіз, физикалық күштерін үйлесімділік пен жарасымдылық биігіне көтере білуінің нәтижесінде эксклюзивті рух диалектикасын қалыптастыру арқылы осы іргелі туындыны табандылықпен жазып шыққанына бек сенімдімін.» [1]

Бұл пікір қаламгер шығармаларындағы терең рухани қуатты, интеллектуалдық тұтастықты және көркемдік шеберлікті дәл сипаттайтынына дәлел бола алады.

Жазушының «Өмір» және «Қысқы түн» атты әңгімелері осы көркемдік ерекшеліктердің нақты көрінісі болып табылады. Ол бұл әңгімелер арқылы адам жанының нәзік қырларын, қоғамдағы өзгерістердің адам бойына әсерін терең философиялық және көркемдік деңгейде жеткізе білген. Әсіресе кейіпкерлердің ішкі толғаныстары мен өмірлік таңдаулары арқылы олардың рухани әлеміне үңілуге мүмкіндік туады. Әңгімелердегі символдық бейнелер мен детальдар шығарманың мазмұнын тереңдете түседі. Бұл туындылар Қажығали Мұханбетқалиұлының сөз өнеріндегі шеберлігін ғана емес, оның гуманистік көзқарасын да айқын аңғартады.

Қаламгердің қазақ прозасында жоғары бағаланған, оқырманға ерекше ой салған туындысы - «Өмір» әңгімесі. Бұл шығармада қарттық, өлім, өмірдің мағынасы сынды ұлы ұғымдар күнделікті ауыл тұрмысының, табиғат көрінісінің және қарапайым кейіпкерлердің шынайы әңгімесі арқылы әсем бейнеленеді. Әңгіме өзінің лирикалық-философиялық сипатымен, көркемдік-стильдік әдістерінің байлығымен ерекшеленеді.

Шығарманың негізгі идеясы — өмірдің өткінші екенін түсіну, қарттық пен өлімді табиғи заңдылық ретінде қабылдау, сондай-ақ сол жолда абыроймен ғұмыр кешудің маңызын көрсету. Елекең мен Тәйкеннің арасындағы әңгіме — сырт қарағанда қарапайым ауыл қарияларының сөзі болғанымен, шын мәнінде тіршілік философиясына айналған. Елекеңнің «ертелі-кешті бәріміз де сол жерге бармаймыз ба... тек абыроймен алса болды дағы» деген сөзі — өлімді үрей емес, қабылдауға тиіс заңды ақиқат ретінде түсіну керектігін білдіреді.

Бұл әңгіме арқылы автор оқырманын өмірге шүкіршілікпен қарауға, әр кезеңнің қадірін білуге үндейді. Жас жігіттің қариялар әңгімесіне таңырқауы мен терең ойға батуы арқылы жазушы ұрпақтар сабақтастығын да айқындайды. Жас ұрпақ естелік арқылы, қарттар өмір тәжірибесімен өзара байланысқа түсіп, өмір мәніне жаңа қырынан қарай бастайды.

Сондай - ақ, шығарманың мәнді, мазмұнды жеткізілуіне, оқырманның жүрегінен орын алуына стильдік ерекшеліктердің қолданылуы маңызды. Жазушы табиғатынан әр әңгімені өзгеше толғаныспен әдеби бейнелеу құралдары арқылы баяндайды. “Өмір” шығармасының қуатын арттырып тұрған басты тәсілдердің бірі — табиғат көрінісі мен адам көңіл-күйінің үндестігі. Әңгіме басындағы:

- *«Күн ұясына байыды. Бірақ батыс жақ алаулай қызарып, біразға дейін тұрып алды...»* — деген сөйлемде табиғат суреті арқылы өмірдің соңғы кезеңі, яғни қарттық символикалық түрде беріледі. Күннің батуы — өмірдің бітімін білдірсе де, оның «алаулай қызарып» тұрып алуы — өмірдің әр сәтінің өз мағынасы, өз жылуы барын аңғартады. [2,96]

Автор психологиялық тереңдікке де ерекше мән береді. Елекең мен Тәйкеннің естеліктері — тек қарттық туралы емес, өмірдің құндылығы, жастықтың қадірі, отбасылық қатынас пен қарияға деген құрметтің өзгеруі туралы ойларға жетелейді. Мысалы, Елекеңнің Би ата туралы әңгімесі:

- *«Марқұм сөйтіп итшілікпен жүріп дүние салып еді...»* — деген жолдарда жазушы қоғамдағы қарияның орны, ұрпақтан көрер мейірімнің азаюы секілді әлеуметтік астарлы мәселелерді көтереді. Бұл — шығармадағы идеялық салмақты арттырып тұрған тұстардың бірі. [2,176]

Кейіпкерлердің бейнесі портреттік детальдармен толық ашылады. Тәйкеннің «қайрала-қайрала жұқарып қалған қазан пышақ» кейпіндегі бейнесі мен Елекеңнің «қызғылт реңді дөңгелек жүзі» — бір-біріне қарама-қарсы, бірақ өмірді бірдей түсінген екі түрлі тұлғаны сипаттайды. Ал жап-жас студент жігіттің бейнесі — келешек өмірге сеніммен қарау, бірақ әлі тәжірибеден бейхабар жастықтың көрінісі.

Шығармада диалог тәсілі арқылы кейіпкерлердің ішкі ойы мен дүниетаным көзқарастары ашылады. Бұл диалогтар тек әңгімені дамытып қана қоймай, өмір мен өлім, қадір мен қасірет, шүкір мен өкініш туралы терең толғамдарға жол ашады. Елекең мен Тәйкеннің сөзі — халық даналығының көркем жалғасы іспетті беріледі.

Сонымен қатар, көркемдегіш құралдардың ішінде метафора мен эпитет көп қолданылған. Мысал келтіретін болсам:

- *«Жүз жасаған кәрі еменді түп-тамырымен қопарып алып, басқа жерге отырғызғанмен, мәуелер ме?!»* — мұндағы кәрі емен қартайған адамға (нағашысына) теңелген. Ескі жерінен айырылған қарияның жаңа ортаға бейімделе алмайтыны ағаштың тамырымен қопарылып, басқа жерге отырғызылғанымен мәуе бермейтіндігі арқылы астарлы бейнеде берілген. [2,175]

- *«Сол үйдің төбесіне төнген қырсықтың бұлты...»* — бұл жерде қырсықтың бұлты сөзі қиындық пен сәтсіздік теңеліп, образды түрде сипатталған. [2,175]

- *«Сақал шіркін де қартая ма дейім...»* — сақалдың қартайғаны арқылы адамның табиғи әлсіреуі, тіпті бейнесі де уақыттың әсерінен өзгереді деген терең ой берілген. [2,176]

Шығарманың көркемдік тәсілдері — табиғат суреттері, метафоралар, портрет пен диалог, ішкі монолог — осы әңгіменің идеясын терең жеткізуге септігін тигізді.

Қажығали Мұханбетқалиұлы шығармаларының ішінде тағы бір әңгімесі - «Қысқы түн». Әңгіме ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін, қартаюдың ауыртпалықтарын және адам мен табиғат арасындағы қатынасты суреттейді. Мұнда ауылдың қарапайым өмірін, тұнжыраған қарт адамның ішкі әлемін, оның жалғыздық сезімін және заманның өзгерісін көрсету арқылы қоғамдағы рухани құлдырау мен адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік мәселелері көтерілген. Шалдың өмірі мен ойлары терең символикалық мәнге ие, ол жалғыздықта өткен уақытты, өткен дәуірдің құндылықтарын аңсайды, бірақ осы аңсау оған әрі мұң, әрі қуаныш әкеледі. Әңгіме оқырманды қарттықтың қиындықтары мен елдің дамуындағы өзгерістер туралы ойлануға итермелейді.

Шығармада стильдік ерекшеліктер мен көркемдік тәсілдер терең ойластырылып, оқырманды ерекше әсерге бөлейді. Әңгімелерінде қолданылған эпитет, метафора, және монолог арқылы жазушының дара стилі айқын көрінеді. Осы тәсілдерді нақты мысалдармен талдай отырып, жазушының шығармашылық ерекшеліктерін ашуға болады.

Академик Р.Сыздық жай анықтауыш заттың қалыпты белгісін білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсететінін және оның қалыпты табиғи белгі болмайтынын айтады. [5,15] Эпитет — бұл қандай да бір объектінің, құбылыстың немесе кейіпкердің қасиетін, сипатын немесе ерекшелігін айқындап, көркем түрде сипаттайтын сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Қажығали Мұханбетқалиұлының шығармасында эпитетті қолданудың бір мысалы: «Қартайған шалдың көздері жарқырап тұрды». Бұл жерде «жарқырап тұрған» эпитеті шалдың көзін тек физикалық тұрғыда сипаттаудан гөрі, оның ішкі жан дүниесінің, өмірге деген белсенді көзқарасының белгісі ретінде қолданылады. Шал қартайса да, оның көзі жанының жарқырап тұрғанын, өмірге деген көзқарасындағы жігерін көрсетеді. Эпитет «жарқырап» сөзі арқылы кейіпкердің қарттық кезеңінде де өмірге деген құштарлығы мен сезімталдығын көрсетеді, әрі оқырманға оны тек қарт ретінде ғана емес, жан дүниесі бай, күрделі адам ретінде суреттейді. [3, 214]

Көне заманнан бері қарай метафора жалпы ауыстыру ретінде кең мағынада, кейде троптың бір түрі ретінде тар мағынада түсіндірілуде. Метафораны «қысқарған теңеу» деуге болмайды, өйткені оларды семасиологиялық тұрғыдан қарасақ, теңеуге тура, метафораға ауыс мағына тән. [4, 13] Өңгімеде «**қарттың жүрегі**» метафорасы ерекше назар аударады. Жазушы мұнда жүректі тек дененің бір бөлігі ретінде емес, адам жан дүниесінің символы ретінде көрсетеді. Мысалы, оның жүрегі ауырлай бастаған сайын, қаламгер қарттың ішкі дағдарысын, уақыттың өтумен бірге, оның рухани күйінің өзгеретінін сипаттайды. Бұл метафора арқылы жүректің ауырлығы, оның өмірге деген көзқарасындағы қиындықты білдіреді. Жазушының метафорасы тек сөздің әсемдігіне емес, оның терең философиялық мағынасына да қызмет етеді.

Шығарманың стильдік ерекшеліктерінің бірі — монологтардың тереңдігі мен табиғилығы. Қажығали Мұханбетқалиұлы кейіпкерлерінің ойларын және сезімдерін монолог арқылы шынайы көрсетеді. Мысалы, Дайрабай шалдың монологы өте әсерлі. Оның баласы Тұрғалиға деген өкініші мен ойлары оның ішкі жан дүниесін ашып көрсетеді. Шалдың өз-өзімен сөйлесуі арқылы оның өмірге деген көзқарасы мен қарттықты қабылдауы айқындалады:

«Тек енді Тұрғалижанның екі жылы тез бітіп, оралса болды дағы...» [3, 212]

Бұл монологта шалдың жалғыздық сезімі, өтіп кеткен өмірі туралы ойлары, баласының оралуы арқылы соңғы үмітінің тірелуі сезіледі. Мұнда жазушы адамның ішкі тыныштығы мен сыртқы әлемге деген көзқарасындағы

карама-қайшылықты терең көрсетеді. Жазушының монологты қолдануы оның кейіпкерінің рухани күйін толық ашуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, Қажығали Мұханбетқалиұлы — қазақ прозасының көркемдік деңгейін биіктеткен, адам жанының терең иірімдерін шынайы суреттей білген суреткер. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер тек көркем бейне ғана емес, ұлттық болмыстың, рухани ізденістің, қоғаммен қарым-қатынастың айнасы іспетті. Әңгімелерінде өмір мен өлім, ар мен ұждан, табиғат пен адамның ішкі дүниесі бір-бірімен үндесіп, терең философиялық ойлармен өріледі.

Жазушы қолданған метафора, эпитет, монолог, символика секілді көркемдік құралдар туынды мазмұнын байытып, оқырманды терең сезім мен ойға жетелейді. Ол әр кейіпкері арқылы ұлттық дүниетанымды, адамгершілік құндылықтарды, өмірлік шындықты көркем тілмен өрнектейді.

Мархабат Байғұттың: *«Қажығали Мұханбетқалиұлы — тегеурінді топтың, Әбдіжәміл Нұрпейісов ағамыз айтқандай, әдебиетімізге “жаңаша тіл, жаңаша ойлау, жаңаша элегия әкелген” талантты топтың өзгеше өкілі. Қажығалидың қай-қай туындысы да оның ұлт суреткері екенін айқындап тұрады»* — деген пікірі жазушының көркемдік әлемін дәл сипаттап, талдауға негіз болған тұжырымдарды нақтылай түседі.

Қажығали Мұханбетқалиұлының шығармашылығы — қазақ әдебиетінің рухани байлығын толықтырған, ұлттық әдебиеттің көркемдік кеңістігін тереңдеткен құнды қазына ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://zhasalash.kz/news/olmejtugyn-artynda-soz-qaldyrgan-21648/>
2. Қажығали Мұханбетқалиұлы. Ақтөбе кітапханасы. Ақтөбе, 2014. 21 Т. – 2014. – 336 бет.
3. Мұханбетқалиұлы Қ. М 82 Сынық терезе. Әңгімелер мен хикаяттар. – Астана: «Елорда», 2003. – 272 бет.
4. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: мұғ.арн. көмекші құрал / Б.Хасанов;. – Алматы: Мектеп, 1966. – 207 б.
5. Қалижан Бекхожин поэзиясындағы теңеу мен эпитеттің қолданыс ерекшеліктері: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. Автореф.: 10.02.02 / Қ.Т. Маликов. – Астана: [б.ж.], 2005. – 24, [5] б. – 100. – Б.ц.